


Алтай большевигі 1953

1. Советские женщины – активные строители коммунизма, 1 февраля



2. Увеличим производственно-политическую активность женщин, 1 февраля



ӘЙЕЛДЕРДІҢ ӨНДІРІСТІК-САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРА БЕРЕЙІК

Коммунистік партияның XIX съезінің тарихи қарарларында және кеңестер көсеміміз Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегінде белгіленген коммунистік құрылыстың ұлы міндеттері совет халқына жаңа еңбек өрлеуіне жігерлендірілуде. Бұл жолдағы күресте совет әйелдері ерекше роль атқаралы. Олар біздің елімізде ұлы күш, коммунизмнің белсенді құрылыспшылары.

Коммунистік партия, Совет Үкметі, Сталин жолдастың өзі әйелдердің творчестволық қабілетін, өндірістік—саяси белсенділігін арттыра беруге күнделікті көңіл бөліп, қамқорлық жасауда. Біздің еліміздегі әйелдері мемлекеттік, шаруашылық, мәдени тұрмыстың барлық салаларына кеңінен қатыстырылған. Олар коммунизм салтанаты жолындағы белсенді күрескерлер, сүйікті Отанымыздың жалынды патриоттары.

Еліміздің халық шаруашылығының барлық салаларында совет әйелдері өздерінің творчестволық қабілеттерін кең өрістетіп, социалистік қоғамның жемісті еңбек етуші белсенді күшіне айналды. Қазір совет елінің әйелдері мемлекет, ғылым қайраткерлері, Социалистік Еңбек Ерлері, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын теңсіздіктен қанағалған, күш болған еңбекші қазақ әйелдері Сталиндік Конституцияның нұры астында халық шаруашылығының барлық саласына қатысып, өз елінің қожасы болып отыр.

Ленин—Сталин партиясының күнделікті қамқорлығының арқасында совет әйелдері Отанымыздың күш-қуатын нығайтып, социалистік экономикасы мен мәдениетін оған әрі өркендету беруге өздерінің қажырлы еңбектерімен үлес қосуда. Біздің облысымыздың өнеркәсіп орындарында, транспортында, құрылыстарында 30 мыңнан аса әйелдер жұмыс істейді. Олардың көпшілігі өндіріс жаңашылдары, еңбек озаттары. Өткен 1952 жылы 5756 әйел өндірістік тапсырмаларын толық және асыра орындап шықты.

Өскемен СЭС-нің құрылысымыз Аппа Солнцева өзінің техникалық білім дәрежесін арттыруда табандылықпен күрес жүргізді. Қазір ол «Деррик» кранының машинисі мамандығын толық меңгерді, сонымен қатар еңбек озаты жұмысшы жастардың кешкі мектебінің үздік оқушысы. Ленингор полиметалл комбинатының байыту фабрикасында Рыжкова Лидия Гавриловнаның жұмыс істегеніне 20 жылдай уақыт болды. Қазір ол жоғары разрядты флэгатор. Лидия Гавриловна еңбектің озат әдістерін кең қолдаумен бірге ондағы жас жұмысшыларды өз мамандығы бойынша үйретіп шығарды. Партия мен үкмет Рыжкованың қажырлы еңбегін жоғары бағалап, оны «Еңбек қызыл ту» орденімен наградтады.

Сондай-ақ әйелдердің социалистік ауыл шаруашылығында ролі күшейді. Облысымыздың мал шаруашылығы қызметкерлерінің ішінен 2906 әйел қабылдаған міндеттемелерін асыра орындап, жаңа табыстарға ие болды. Қазір облыс колхоздарында 152 әйел тракторист, 37 әйел комбайншы болып істейді. Сонымен қатар 246 әйел мал шаруашылығының мамандары, 105 әйел трактор, егін бригадаларының бригадирлері.

өңгімелерінде партияның XIX съезінің тарихи қарарларын, кеңестер көсеміміз Сталин жолдастың жаңа шығармасын басшылыққа ала отырып, бұқаралық үгітті идеялық жоғары дәрежеде кеңінен өрістетуге жүргізілуде.

Бесінші бесжылдық жоспарда белгіленген коммунистік құрылыстың ұлы міндеттері партия ұйымдарынан еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруге бағытталған саяси жұмыстарды күшейтуді, әйелдердің өндірістік—саяси белсенділігін барынша арттыруды, бұл істе орын алған кемшіліктерді тезінен жоюды талап етеді.


Алайда «Алтайспинестрой» және «Алтайэнерго» трестерінде жұмысшы әйелдер арасындағы саяси тәрбие жұмыстары жаңа міндеттердің дәрежесіне сай емес. Мұндағы партия ұйымдары әйелдердің творчестволық қабілетін дамытып, олардың өндірістік белсенділігін арттыру ісіне жеткілікті көмек көрсетпейді. Жұмысшы әйелдердің идеялық—саяси, жалпы білім дәрежелерін көтеруге, олардың мәдени—техникалық жағынан өсуіне қамқорлық көрсетіп, озаттардың творчестволық инициативаларын үнемі қолдаумен пайдалы шұғылданып отырмайды. Қолмен жұмыс істейтін және илжелер—техникалық қызметтегі әйелдердің іскерлік мамандығын жетілдіру, олардың бірнеше мамандықты меңгеруін қамтамасыз ету жолындағы күрес тыңғылықты ұйымдастырылмаған.

Зайсан, Тарбағатай аудандарының партия ұйымдары әйелдердің социалистік саналылығын арттырып, оларға коммунистік тәрбие беру, идеялық—саяси білімдерін көтеру жұмыстарында әлі де болса кемшіліктерге жол беруде. Зайсан ауданында өскіліктің байшы—феодалдық қалдықтарына қарсы күресті барынша күшейту керек. Буржуазиялық идеологияның байқалған сарқыншақтарының барлық түріне қарсы мейрімсіз күрес жүргізу—партия ұйымдарының төл ісі.

Өнеркәсіп орындарының, завод, фабрикаларының және колхоздардың партия ұйымдары әйелдер арасындағы саяси—тәрбие жұмысымен күнделікті шұғылданып, бұл істе әйелдер советіне көмегін жақсарту керек. Еңбек озаттарының іс тәжірибелерін кеңінен зерттеп, олардың жаңалық ұсыныстарын, творчестволық инициативаларын үнемі қолдап отыру қажет. Жаңа бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға бағытталған бүкіл-халықтық жарысқа әйелдердің кеңінен қатыстырылуын қамтамасыз ету керек.

Совет халықтарының социализмнен коммунизмге бірте—бірте өту жолындағы күрес жолын нұрландырушы Коммунистік партияның XIX съезінің тарихи қарарлары, Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегі коммунистік құрылыстың ұлы міндеттерін белгілеп берді. Бұл міндеттің аброймен орындалуы партия ұйымдарынан әйелдерді халық шаруашылығына онан әрі қатыстыра беруді, қоғамдық—саяси, мемлекеттік, шаруашылық және мәдени тұрмыстың барлық салаларында әйелдердің белсенділігін күшейтуді талап етеді. Партия ұйымдары әйелдерге саяси білім беру жұмысын күшейтіп, олардың мәдени және техникалық дәрежесін көтеруге, творчестволық қабілетін дамытып, саяси—өндірістік белсенділігін арттыра беруге үнемі қамқорлық көрсетуге міндетті.

3. Благодарность матерей, 1 февраля



4. Детские летние каникулы должны быть правильно подготовлены, 16 мая



жедел шаралар қолдану керек. Әзірлік жұмысын жүргізгенде өткен жылдағы жұмыстағы кемшіліктерді қайталамауға, одан тиісті қорытынды жасауға назар аудару қажет.

Комсомол комитеттері кәсіподақ ұйымдарымен және халық ағарту орындарымен бірлесіп отырып, балалардың жағғы демалысына әзірленудің нақтылы жоспарын және оны орындаудың жолдарын белгілеулері керек. Мұнда ұйымдастырылатын пионер лагерлерінің саны, олардың жұмыс істейтін орындары айқын көрсетілуі керек. Жоспарда пионер лагерлерін қажетті аумақтарға орналастыруға және назар аударылуы шарт. Қорыта айтқанда пионерлер мен мектеп оқушыларының жағғы демалысына жанжалды әзірлікпен келіп, оны мазмұнды және қызықты өткізуді қамтамасыз ететін жұмыстардың барлығы жедел қолға алынатын болсын.

Әрбір мектеп қанықул кезінде істелетін жұмыстың нақтылы жоспарын жасауға міндетті. Мәдени-ағарту мекемелері демалушы пионерлер мен мектеп оқушыларын қажетте маңызды роль атқарады. Бұл мекемелер балаларға жаз айларында істейтін қызметін осы бастап жоспарлап, оны іс жүзінде асырудың шараларын белгілеулері керек.

Балалардың жағғы демалысын жақсы ұйымдастырып, ойдағыдай өткізуде кадрлар мен шешуші роль атқаратындығы мәлім. Өткен жылы Өскемен қалалық, Киров, Сағар аудандық комсомол комитеттері пионер лагерлеріне тәрбиешілерді іріктеп алуға, орналастыруда қателіктерге және елеулі кемшіліктерге жол берді. Тәрбиеші қызметіне педагогикалық дайындығы жоқ және бұл жұмыста тәжірибесі жоқ адамдар қабылданды. Үстіміздегі жылы пионерлер лагерлеріне кадрларды іріктеп алу жұмысында Өскемен қалалық комсомол комитеті осы сыяқты кемшіліктерге орын беріп отыр. Пионерлер лагерлеріне керекті кадрларды іріктеп алуға көмек көрсетуден Өскемен қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі Шур жолдас тиас қалып келеді. Бұл

кемшіліктерді тез және батыл жою қажет. Демалыс кезінде балалармен тәлім-тәрбие жұмысын жүргізетін кадрларын саяси және іскерлік сапасына қарай іріктеп алуға күнделікті назар аударылуы тиіс. Пионер лагерлеріне жүргізілетін тәлім-тәрбие ісіне мұғалімдердің кең қатысуына тиіс. Мұғалімдердің кең қатысуының маңызды шарасы болып табылады.

Бірқатар аудандық комсомол комитеттері, аудандық оқу бөлімдері және мектеп директорларымен бірлесіп отырып мұғалімдердің жағғы демалысының графигін жасағанда олардың лагерлерді қамтуы еске алыны. Лениногор қаласы мен Бөлшекшарық ауданының комсомол ұйымдары лагерлердегі көркемөнерпаздар жұмысын басқаратын адамдарды іріктеп алуға бірсыпыра жұмыстар істеді. Оларға іскерлік мамандықтарын арттыруда көмек көрсетілуі керек.

Комсомол ұйымдары пионер лагерлеріне әдебиетпен және спорт жұмысына керекті жабдықтармен қамтамасыз етуді естен шығармаулары керек. Пионер лагерлері үшін 210 дана «Комсомольская правда», 250 дана «Пионерская правда», 88 дана «Возраст» журналы, 88 дана «Мурзилка», 38 дана «Пионер» журналдары бөлінді. Осы газеттер мен журналдардың пионер лагерлеріне жеткізілуін бақылап, қамтамасыз ету байланыс орындарының маңызды міндеті болып табылады.

Облыстық комсомол ұйымдары лагерлерде жүргізілетін саяси тәрбие жұмысының идеялық-теориялық дәрежесіне және бұл жұмыстың жас жеткіншектердің жас ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілуіне күнделікті назар аударулары шарт.

Пионер лагерлерінде жүргізілетін спорт жұмыстарын жақсарту-пионерлер мен мектеп оқушыларының жақсы тынығуының маңызды шарасы. Олай болса, комсомол ұйымдары бұл мәселеге тиісті спорт коллективтерімен бірлесіп отырып, оны ерістете жүргізудің шараларын өзіндік еңбегімен белгілеулері тиіс.

Өткен жылы пионер лагерлерінде аяқталмаған пионерлер мен отрядтардағы жұмыстарға қызыл жетек аударылмаған болатын. Үстіміздегі жылы бұл кемшілікті қайталамау керек. Пионер лагерлерінде әрбір пионер мен мектеп оқушысының тәртіпті дағды сақтауын талап ету қажет.

Жергілікті советтердің атқару комитеттері мен кәсіподақ ұйымдары балалардың жағғы демалысын орындарының материалдық базаларын нығайтуда комсомол ұйымдарына күнделікті көмек көрсетіп отырулары керек.

Облыстық қаптаған комсомол қызметкерлері Өскеменнің Ленин атындағы орта мектебінде әлге таңу музейі бар екендігін біледі. Бұл музейді ұйымдастырған «Глобус» үйірмесінің мүшелері. Бұл үйірмеге география пәнінен сабақ беретін мұғалім Лукьянов жолдас басшылық етті. Үстіміздегі жылы өлке таңу санхаттары мен жорықтарына кең көлемде ұйымдастыруға назар аударылатын болсын.

Жаз айларында балалардың демалыс уақытын мазмұнды және қызықты өткізу үшін бізде мүмкіншілік толық. Істің жайы осы қолда бар мүмкіншілікті пионерлер мен мектеп оқушыларының жағғы демалысын жақсы өткізуге пайдалана білуде.

Пионерлер үйлерінде оқушылардың қанықул кезінде жүргізілетін тәлім-тәрбие жұмыстары кең өрістетілуде түсуі қажет. Сондықтан, бұл жұмыстың шараларын алдын-ала белгілеп, оны орындаудың жолдарын іздестіруде әрбір пионерлер — үйінің қызметкерлері ұқыптылық көрсетіп, инициатор болуы тиіс.

Облыстық комсомол, кәсіподақ ұйымдарының және халық ағарту орындарының маңызды міндеті пионерлер мен мектеп оқушыларының жағғы демалысына жақсы әзірленіп, оны ойдағыдай өткізу болып табылады.

Ж. ЖҮНИСОВА.

ҚЛНЖО облыстық комитетінің меңгерушісі Шур жолдас тиас қалып келеді. Бұл